

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Ғылыми кеңесінің
2025 жылғы 28 қарашадағы
ҚАУЛЫСЫ

Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор **Алина Кулбайқызы Галееваның** «Жаңартылған инновациялық білім беру бағдарламаларын жетілдіру және оңтайландыру туралы»; Басқарма мүшесі – әлеуметтік даму жөніндегі проректор **Бақытжан Бауыржанұлы Омаровтың** «Университеттің жастар саясаты тұжырымдамасы және студенттерді әлеуметтік қолдау туралы» баяндамаларын тыңдап, талқылай келе, Ғылыми кеңес

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор А.К. Галееваның, Басқарма мүшесі – әлеуметтік даму жөніндегі проректор Б.Б. Омаровтың баяндамалары назарға алынсын.

- «Жаңартылған инновациялық білім беру бағдарламаларын жетілдіру және оңтайландыру туралы» баяндамасы бойынша:

№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
1	Уақыт талабына сай жаңартылған білім бағдарламаларын әзірлеу бойынша жол картасы жасалсын.	А. Галеева	31.12.2025
2	Жұмыс берушілермен бірлескен индустриалды, корпоративтік бағытталған білім бағдарламалары көбейтіліп, оқудың өндірістік қызмет кезеңдерімен ұштастырылуын қамтамасыз ететін дуальды оқыту бағдарламалары әзірленсін.	Б. Рахимбекова	30.05.2026
3	Факультеттің оқу бағыттары бойынша академиялық комитеттердің жұмысы 2026-2027 оқу жылына арналған білім беру бағдарламаларын жұмыс берушінің мүдделі тараптарының өтініштерін ескере отырып, Жаңа мамандықтар атласына негізделген жаңарту бойынша қамтамасыз етілсін.	Факультет декандары	30.05.2026
4	Компетенция орталығымен бірлесіп, шағын біліктілік бағдарламалары әзірленсін.		30.01.2026
5	Халықаралық ынтымақтастық департаментімен бірлесіп, ТОП-300-ге кіретін серіктес университеттермен білім беру бағдарламаларын әзірлеу жұмыстары ұйымдастырылсын.	Факультет декандары, Академиялық комитет төрағалары	28.02.2026


6	«Мамандығым – Болашағым» жобасы аясында Қазақстанның жаңа мамандықтары мен құзыреттер атласына негізделген инновациялық білім беру бағдарламалары әзірленсін.		02.03.2026
7	Университеттің барлық бағыттар мен деңгейлер бойынша білім беру бағдарламаларына; білім беру бағдарламасындағы оқыту мен оқу сапасына кешенді талдау жүргізілсін.	Б. Рахимбекова	30.05.2026
8	Қазақстан Республикасы Жоғары білім министрлігінің Білім беру бағдарламалары реестрінен үш жылдан астам уақыт бойы студенттер контингенті болмаған, тиімсіз білім беру бағдарламалары алынып, білім беру бағдарламаларын оңтайландыру жұмыстары жүргізілсін.	Б. Рахимбекова Факультет декандары	01.05.2026

- «Университеттің жастар саясаты тұжырымдамасы және студенттерді әлеуметтік қолдау туралы» баяндамасы бойынша:

9	Әлемдік үздік университеттер моделіне салыстырмалы талдау жасай отырып, университеттің жастармен жұмыс әлеуметтік-тәрбие, әлеуметтік қолдау мәселелерін шешу жолдары жан-жақты қарастырылып, нақты ұсыныстар берілсін.	Б. Омаров	31.12.2025
10	Қазіргі заман студенттерін қызықтыратын іс-шараларға, трендтерге анализ жасалып, жастардың әртүрлі бағыттар бойынша белсенділік, қызығушылық шкаласы жасалсын (әлеуметтік желі, жасанды интеллект, подкаст, стартап, контент жасау, геймификация, цифрландыру т.б.). Анализ нәтижелері студенттерді мәдениет, көркем өнер, ғылым, спорт секцияларына тарту жұмыстарында тиімді қолданылсын.	Ж. Есімова	31.01.2026
11	Әр факультетте жастардың азаматтық жауапкершілігі мен патриоттық мәдениетін күшейтуге, кампустық және жатақхана мәдениетін қалыптастыруға, қауіпсіз ортаны дамытуға, экологияны қорғауға бағытталған іс-шаралар саны көбейтілсін.	Факультет декандары	31.01.2026

12	Факультет декандары, кафедра меңгерушілері оқу жылы барысында барлық курс студенттерімен кемінде 2 рет ресми кездесу өткізсін.	Факультет декандары, кафедра меңгерушілері	оқу жылы бойы
13	Деканның ғылыми және халықаралық байланыстағы орынбасарлары шетелдік студенттермен тығыз байланыс орнатсын.	Деканның ғылыми және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасарлары	үнемі
14	Деканның оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары барлық курс студенттерін сессияға дайындық ретінде академиялық саясатпен жан-жақты таныстырсын.	Деканның оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары	оқу жылы бойы

Ғылыми кеңес төрағасы



Ж.Қ. Түймебаев

Ғылыми кеңестің ғалым хатшысы



М.Қ. Мәмбетова